

«Өлеңті ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»

«Не? Қайда? Қашан?»

математикалық сайыс

5 «А», 6 «А» сыныптар

Орындаған: Рахимова Н.М., Азмагамбетова Б.С.

2024-2025 оқу жылы

Күні: 04.05.2024 жыл

Тақырыбы: «Не? Қайда? Қашан?» математикалық сайыс

Мақсаты: Оқушыларды ойлана білуге, тапсырмаларды тиянақты, тыңғылықты орындауға баулу, әділ шешім айтуға, бірлікке ынтымақтастыққа, әдептілікке тәрбиелеу.

Сайыс сабақтың барысы:

I Ұйымдастыру кезеңі

Психологиялық дайындық.

Жүргізуші: Қош келдіңіздер, қадірлі ұстаздар және оқушылар!

Жүргізуші: -Қымбатты білім сүйгіш жас достар! Орыс ғалымы М.Ломоносов «Ақыл-ойды тәртіпке келтіретін –математика, сондықтан да оны оқу керек» — деген. Олай болса, бүгін сендер қызықты, математиканың жұмбақты да, тартымды әлемімен танысасыңдар. Сендер бұл әлемнің қаншалықты қызықты, әрі сан түрлі екендігіне көз жеткізесіңдер.

Жүргізуші: Сайыста сендерге әр түрлі қызықты сұрақтар мен тапсырмалар ұсынылады. Сайыста жеңу үшін сендер белсенділік танытып, берілген сұрақтарға өзгелерден тезірек ойланып, жауап берулерің керек. Әділ-қазымызбен таныс болайық математика мұғалімі Охан Майрагүл.

Сайысымыздың бағдарламасымен таныстырайық:

I. Таныстыру.

Команда топтың атауы мен ұранын айтады.

II. «Кім жүйрік»

III. «Шырпы ойыны»

Көрермендермен мақал-мәтелдер сайысы

IV. «Сиқырлы шаршы»

V. «Лабиринт» ойыны

Жүргізуші:

Бүгінгі күн сайыста

Ешкімнен сен қалыспа

Білімі кімнің көп болса,

Сол озады сайыста дегендей сайысқа қош келдіңіздер.:

Бағдарлама бойынша

1 кезең - Таныстыру.

Жүргізуші: Команданың өз топтарының атауы мен ұрандарын айтады.

5 «А» сынып - «Төртбұрыштар» тобы, 6 «А» сынып - «Жүйрік» тобы. 10 ұпаймен бағаланады.

2 кезең - «Кім жүйрік»

Берілген логикалық сұраққа бірінші болып жауап беру керек. Дұрыс жауап берілмесе келесі топқа жауап беруге болады. Әр дұрыс жауапқа 1 ұпай беріледі.

1. Етік киген Мысық төрт шортан ұстады. Бұл ұстағандарының жартысы. Ол неше балық ұстады? (8 шортан)

2. Ағаш басында 2 балық отыр еді. Оларға тағы 2 балық ұшып келді. Барлығы неше балық болды? (Балықтар ұшпайды)

3. Бір қазақ қалаға бара жатыр еді, жолда үш танысы қарсы шықты. Қанша адам қалаға барды? (1)

4. Төрт қойдың неше аяғы бар? (16 аяқ)

5. Асханаға 100 кг пияз және одан 3 есе артық картоп әкелінді. Асханаға неше кг картоп әкелінді? (300 кг)

6. Ағаш үстінде 100 торғай отырады. Аңшы 10 торғайды атып алады. Торғайдың қаншасы қалады? (10 торғай)

7. Қайыңда 6 алма өсіп тұр еді, 2 - уі түсіп қалды. Ағашта неше алма қалды. (қайыңда алма өспейді)

8.1 жұмыртқа 3 минутта піссе, 4 жұмыртқа қанша минутта піседі? (3 минут)

9.Бөлменің төрт бұрышында бір-бір мысықтан отыр. Әр мысықтың алдында үш мысықтан отыр. Барлығы бөлмеде неше мысық бар? (4мысық)

10. Кез келген санды бірге көбейткенде...(Сол санның өзі шығады)

3-кезең. «Шырпы ойыны». Шырпымен 2 тапсырма әр топқа беріледі. Әр тапсырма 5 ұпаймен бағаланады.

I. Бір шырпыны қозғап 20 санын шығар

$$9 + 12 - 3 = 20$$

II. Бір шырпыны қозғап 5 санын шығар

$$2 + 5 + 6 = 5$$

Көрермендермен мақал-мәтелдер сайысы. Қолдаушылар құрамында сандары бар мақал-мәтелдер айтулары керек. Әр айтылған мақалдар үшін сыйлықтармен марапатталды.

4-кезең. «Сиқырлы шаршы»

2	13	41	56
11	7	3	19
30	17	5	12

Оқушылар берілген шаршыдағы сандарды еске сақтап, дәл солай құрастырып шығуы қажет. 6 минут уақыт беріледі. 10 ұпай беріледі.

5-кезең. «Лабиринт» ойыны.

Берілген шарикті лабиринт арқылы межелеген жерге жылдам апару керек. Жылдамдық ескеріледі.

-Ендеше, сайыстың қорытындысын шығарып, бүгінгі сайысымыздың ең тапқыр оқушылар тобын атап өтсек. Оқушыларды сыйлықпен марапаттау.

Математика-толған тәртіп, мағына мен мән

Математика-толған тамаша заңдылық пен сән

Математика-толып жатқан терең сыр

Шетсіз, шексіз дариядай бейне бір-дей отыра бүгінгі сайысымызды аяқтауға рұқсат етіңіздер.



